


17 – сабақ тапсырмалары.

№1. Суретте Меркурий, Шолпан, Жер, Марс планеталарының радиустарын көрсететін бағанды диаграмма сызылған. Бағанды диаграмма бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер:

- 1) Кестедегі радиустары берілген планеталардың ең үлкені қайсысы? Ең кішісі қайсысы?
- 2) Қай планеталардың радиустары шамалас?



№2. Суреттегі дөңгелек диаграммада Жер бетіндегі құрлықтың және Әлем мұхитының алып жатқан аудандары процентпен көрсетілген. Дөңгелек диаграммада Жер бетіндегі:


- 1) құрлықтың ауданына;
- 2) судың ауданына неше градусық сектор сәйкес келеді?




№3. Суретте көйлектің, пальтоның және қолшатырдың сатылым санының жыл мезгілінде тәуелділігі графиктік диаграммамен берілген.

Сұрақтарға жауап беріңіз:

- 1) Жылдың қай мезгілінде: а) көйлек; ә) пальто көп сатылады?
- 2) Жылдың қай мезгілінде: а) көйлек; ә) пальто аз сатылады?
- 3) Жылдың қай мезгілінде қолшатырға сұраныс көп болады? Не себепті?




№4.



- 1) Бақылау жұмысын неше оқушы «5» - ке, «4» - ке; «3» - ке; «2» - ге жазды?
- 2) Сынып оқушыларының неше проценті бақылау жұмысын «5» - ке және «4» - ке жазды?

№5.



8.27-сурет

8.27 – суретте аңшы иттің, түлкінің және қоянның жылдамдықтарының бағанды диаграммасы берілген.

Мына сұрақтарға жауап беріңіз:

- 1) Түлкінің жылдамдығы көп пе, әлде қоянның жылдамдығы көп пе?
Қайсысының жылдамдығы шамамен қанша көп?
- 2) Аңшы иттің түлкіні қуып жету мүмкіндігі көп пе, әлде қоянды қуып жету мүмкіндігі көп пе?

№6. Суретте сыныптағы оқушылардың спорттық үйірмелерге, шахмат үйірмесіне және көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысуларының дөңгелек диаграммасы берілген. Диаграммада сыныптағы бір оқушы ғана үйірмеге қатысады.

- Есептің шартын диаграмма бойынша құрастырыңыз.
- Егер сыныпта 30 оқушы болса, олардан неше оқушы спорттық үйірмеге, неше оқушы шахмат үйірмесіне қатысады?

